

**Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 11 қаңтарда № 31679 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 69-бабының 3-бөлігіне сәйкес "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 9-бабының 22) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 563 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының прокуратура органдарының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы туралы ереженің 19-тармағының 37) тармақшасымен **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 05.12.2023 № 217 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. "Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 70 бұйрығының күші жойылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22768 болып тіркелді).

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі-Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне мәлімет үшін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокуроры

Б. Асыллов

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокуроры  
2023 жылғы 4 қаңтардағы  
№ 4 бұйрығымен  
бекітілген

**Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ "Электрондық жолданымдар" ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттің қатысуы жүз пайызды құрайтын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ "Электрондық жолданымдар" ақпараттық талдау жүйесін (бұдан әрі – "Электрондық жолданымдар" АТЖ) жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) иесі бүркемеленген жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс – иесін анықтау мүмкін емес және (немесе) арыз иесінің қойылған қолы, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбасы, пошталық мекенжайы жоқ жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс;

2) жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың телнұсқасы (бұдан әрі – телнұсқа) – бір тұлғадан (немесе тұлғалар тобынан) бұрын жіберілгеннің көшірмесі болып табылатын сол мәселе бойынша не соған ұқсас, соның ішінде әртүрлі субъектілерге жолданған, өзге редакцияда ресімделген немесе өзге нысанда берілген, бірақ алдыңғы қабылданған шешімді қайта қарау үшін жаңа дәлелдерді, мән-жайларды немесе құқықтық негіздерді қамтымайтын сол мәселе бойынша жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс;

3) жолданымдарды есепке алу – жолданымдарды қабылдау, тіркеу және қарау жөніндегі мәліметтерді, оның ішінде жеке қабылдауға арыздардың, хабарламалардың,

сұрау салулардың, пікірлердің, ұсыныстардың тіркелуі және олардың мемлекеттік құқықтық статистикада көрсетілуі;

4) субъект – өз құзыреттеріне сәйкес жолданымдарды, хабарламаларды, пікірлерді, ұсыныстарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттің қатысуы жүз пайызды құрайтын заңды тұлғалар;

5) тег – жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың қысқаша мәнін сипаттайтын және кілт сөздер болып табылатын бір немесе бірнеше сөздер және (немесе) сөз тіркестері;

6) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті, оның аумақтық және оған теңестірілген органдары;

7) ұжымдық жолданым – екі және одан да көп жеке немесе заңды тұлғалардың бір мәселе (талап) бойынша сол бір адамдардың мүдделерін білдіретін жолданымы, хабарламасы, сұрау салуы, пікірі, ұсынысы;

8) электрондық ақпараттық есепке алу құжаты (бұдан әрі – есепке алу карточкасы) – мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптасатын құқықтық статистикалық ақпарат тасымалдағышы.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Тіркеу, есепке алу тәртібі**

3. Субъектіге келіп түскен жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныс " Электрондық жолданымдар" АТЖ-да тіркеуге жатады.

Жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

Ауызша жолданымдарды, хабарламаларды, пікірлерды, пікірлерді және ұсыныстарды қабылдау және тіркеу өтініш беруші субъектіге тікелей жүгінген кезде жүзеге асырылады.

4. Жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты тіркеу Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 64-бабының 3-бөлігімен көзделген мерзімде жүргізіледі.

Жолданымдар, хабарламалар, сұрау салулар, пікірлер және ұсыныстар электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жалпы қолжетімді ақпараттық жүйелер бойынша келіп түскен кезде, олардың "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да тіркелуі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсынысты тіркеу" ТЖ-1 нысанының (бұдан әрі – ТЖ-1 нысан) және осы

Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Арыз иесі" АИ-1 нысанының (бұдан әрі – АИ-1 нысаны) есепке алу карточкаларын автоматты түрде толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Жолданымдар, хабарламалар, сұрау салулар, пікірлер және ұсыныстар жазбаша (қағаз) немесе ауызша нысанда келіп түскенде, олардың "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да тіркелуі ТЖ-1 және АИ-1 нысандарын толтыру арқылы жүргізіледі.

ТЖ-1 нысанының "Құжат түрі" 8-деректемесін тегті енгізе отырып редакциялау жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс мазмұнына сәйкес келмеген жағдайда жүргізіледі.

Жеке қабылдауға жолданымдарды тіркеу осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Жеке қабылдау" есепке алу карточкасын (бұдан әрі – ЖҚ-1 нысаны) толтыру арқылы "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да жүзеге асырылады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 05.12.2023 № 217 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; 29.12.2025 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

5. Тіркеу нөмірі жолданымға, хабарға, сұрау салуға, пікірге және ұсынысқа бастапқы тіркеу кезінде реттілік тәртіпте тек бір рет беріледі және әріптік индекстен, сондай-ақ бірегей нөмірден тұрады.

6. Өтініш, хабар, сұрау салу, пікір және ұсыныс үшін әріптік индекс мынадай тәртіпте беріледі:

- 1) "ЖТ" - жеке тұлғадан;
- 2) "ЗТ" - заңды тұлғадан;
- 3) "АН" - иесі бүркемеленген жолданым, хабар, сұрау салу, пікір және ұсыныс;
- 4) "ҰЖ" - ұжымдық жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс;
- 5) "ЖҚ" - жеке қабылдауға арыз.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Бірегей нөмірде алғашқы төрт цифры тіркеген жылын, келесі сегіз цифры - реттік нөмірін білдіреді.

8. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да тіркегеннен кейін әрбір жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныс бойынша арыз иесіне осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күні мен уақыты, жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, лауазымы көрсетіле отырып, талон беріледі.

Талон бірегей нөмірден тұрады, онда бірінші жұппен тіркеген жылы, екінші жұппен – тіркеген айы, үшінші жұппен – тіркеген күні, келесі сегіз цифрымен - реттік нөмірі белгіленеді.

9. Жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныс "шағымдар мен арыздарға арналған жәшіктер" арқылы келіп түскен кезде талондағы мәліметтер жолданымда, хабарламада, сұрау салуда, пікірде және ұсыныста көрсетілген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе электрондық адреске жіберіледі.

Жолданымда, хабарламада, сұрау салуда, пікірде және ұсыныста ұялы байланыстың абоненттік нөмірі немесе электрондық адресі көрсетілмеген жағдайда, арыз иесіне талон жіберілмейді.

10. Кодекстің 65-бабының 1-бөлігіне сәйкес жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты басқа субъектіге қарау үшін жіберген кезде тіркеу нөмірі және талон нөмірі өзгертілмейді және жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты алған субъектінің есепке алу карточкасында көрсетіледі.

11. Егер жолданымда, хабарламада, сұрау салуда, пікірде, ұсыныста бірнеше мәселе (талап) қамтылған жағдайда, олардың арасында қаралуы субъектінің құзыретіне кірмейтін мәселе (талап) болса, онда осы жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс мәселенің (талаптың) осы бөлігінде құзыреті бойынша Кодекстің 65-бабының екінші бөлігіне сәйкес негізгі жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың реттік нөмірін көрсете отырып, тіркеу нөмірі қиғаш сызық (бөлшек) арқылы беріліп, басқа субъектіге жіберіледі.

Көрсетілген жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс бойынша талонды оларды мәні бойынша қарау үшін алған субъект береді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Ауызша нысанда берілген жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныс келіп түскен жағдайда жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты қабылдаған субъектінің лауазымды адамы жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты жеке хаттамаға енгізеді және осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес тіркеуге жатады.

13. Жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікір, ұсынысты тіркегенге дейін " Электрондық жолданымдар" АТЖ бойынша тексеріс жүзеге асырылады және жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың телнұсқа болып табылмайтыны анықталады.

Телнұсқалар осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес тіркелуге жатады және олар бойынша осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес шешімдер қабылданады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Тіркелген жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты есепке алу "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да жүзеге асырылады.

15. Мыналар:

- 1) бір субъектіден басқа субъектіге келіп түскен қызметтік құжаттар;
- 2) жоғары тұрған органның тапсырмалары мен нұсқаулары;
- 3) жарнамасы бар ұсыныстар, коммерциялық ұсыныс;
- 4) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жолданымдарды қоспағанда, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша жолданымдар;
- 5) қарау тәртібі Кодекстің 3-бабының 4-бөлігімен және "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабының 9-тармағымен реттелетін жолданымдар, хабарламалар, сұрау салулар, пікірлер, ұсыныстар, өтінішхаттар;
- 6) өтінішхаттары жоқ шақырулар мен хабарламалар;
- 7) материалдық көмек көрсету туралы жолданымдар есепке алуға жатпайды.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға келіп түскен құжаттар ТЖ-2 нысанын толтыру жолымен басқа ақпараттық жүйелерге көшірілуге жатады.

Басқа ақпараттық жүйелерге көшіру келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қарау мерзімдері "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да тіркелген күннен бастап есептеледі.

Басқа ақпараттық жүйелерге көшіруді жою шешім қабылданған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Жоғары тұрған субъектіден төменгі тұрған субъектіге түскен, арыз иесіне жоғары тұрған субъекті басшысының қойылған қолымен жауап берілетін жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныс төменгі тұрған органда есепке алынбайды.

17. Жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты қарау нәтижелері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсынысты қарау" ТЖ-2 нысанының (бұдан әрі – ТЖ-2 нысаны) есепке алу карточкасында тіркеледі.

ТЖ-2 нысаны субъекті қабылдаған әр шешімге жеке толтырылады.

### **3-тарау. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ны жүргізу тәртібі**

18. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ны жүргізу мәліметтерді, оның ішінде әкімшілік рәсімдер бойынша әрбір іс-әрекетке және шешімге ТЖ-1, ТЖ-2, ЖҚ-1, АИ-1

нысанының тиісті деректемелерін толтыру арқылы жолданым, жеке қабылдау, хабарлама, пікір, ұсыныс бойынша қабылданған шешімдерді көрсету болып табылады.

ЖҚ-1 нысаны жеке тұлғаның және заңды тұлға өкілінің әрбір жеке қабылдау туралы жолданымына толтырылады.

Жеке қабылдау жүргізілмеген жағдайда, жеке қабылдау жүргізбеу себебін көрсете отырып, ЖҚ-1 нысаны толтырылады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да тіркегеннен кейін жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныстың Кодекстің 63-бабымен белгіленген талаптарға сәйкес келуіне тексеруге жатады.

Шағым Кодекстің 93-бабымен белгіленген талаптарға сәйкес келуіне тексеруге жатады.

20. Жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныс Кодекстің 63-бабында белгіленген талаптарға, ал шағымдар Кодекстің 93-бабының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, субъект арыз иесіне жолданымның, шағымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің және ұсыныстың қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетеді және талаптарға сәйкес келтіру үшін ақылға сыйымды мерзім белгілейді.

Бұл ретте, сәйкес келуіне тексеруді оларды қарау құзыретіне кіретін субъекті жүзеге асырады.

Кодекстің 91-бабы 4-бөлігіне сәйкес шағым әкімшілік актісі, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) шағымдалатын субъектіге беріледі.

Әкімшілік актісі, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) шағымдалатын субъекті шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, әкімшілік актісі, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) шағымдалатын субъекті үш жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік актісін қабылдайтын, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекетті жүргізетін болса, шағымды шағым қаралатын органға жібермеуге құқылы.

Егер әкімшілік актісі, әкімшілік әрекеті (әрекетсіздігі) шағымдалатын субъекті шағымды шағым қаралатын органға жіберетін болса, онда Кодекстің 93-бабымен белгіленген талаптарына сәйкес келуіне тексеруді шағымды қарайтын орган жүргізеді.

21. Тағайындау тәртібі осы Қағидалардың 11-тармағымен көзделген жеке тіркеу нөмірі ТЖ-1 нысанындағы тиісті деректемелерді толтыру арқылы беріледі.

22. Бұдан бұрын берілген жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді және ұсынысты кері қайтарып алу туралы, лауазымды адамдарға қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы, тыңдауға қатысудан бас тарту туралы, тыңдау хаттамасымен не әкімшілік іс материалдарымен танысу туралы, қате жазуларды және (немесе)

арифметикалық қателерді түзету туралы, ауызша немесе өзге де нысанда, жазбаша нысанда (қағаз және (немесе) электрондық түрде) қабылданған әкімшілік актіні ресімдеу туралы арыздар, тыңдау хаттамасына ескертулер, сондай-ақ жолданымдар, хабарламалар, пікірлер, пікірлер және ұсыныстардың телнұсқалары осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес тіркеуге және ТЖ-2 нысанын толтыру арқылы негізгі жолданымға, хабарламаға, сұрау салуға, пікірге және ұсынысқа қосуға жатады.

Тіркеу туралы шешімді құзыретіне оларды қарау кіретін субъект қабылдайды.

23. Есепке алу карточкалары деректемелік құрамына сәйкес толтырылады:

1) ТЖ-1 нысанында:

1, 2, 3, 5 деректемелері жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс тіркелгеннен кейін автоматты түрде (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция болмаған кезде – қолмен) толтырылады;

9-деректеме 8 – деректемедегі мағынаға байланысты автоматты түрде (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция болмаған кезде – қолмен) толтырылады;

10-деректеме шағымды тіркеген субъектінің атауын бере отырып, автоматты түрде (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция болмаған кезде – қолмен) толтырылады;

13-деректеме жолданымдарды, хабарламаларды, сұрау салуларды, пікірлерді, ұсыныстарды қарау мерзіміне байланысты автоматты түрде (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция болмаған кезде – қолмен) толтырылады;

2) АИ-1 нысанында:

1, 2 деректемелер ТЖ-1 нысанынан деректерді жүктеу арқылы автоматты түрде (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция болмаған кезде – қолмен) толтырылады;

3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26 деректемелер 4-деректемені толтырған және жеке және заңды тұлғалардың деректерін мемлекеттік деректер базасынан алған кезде автоматты түрде (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграция болмаған жағдайда – қолмен) толтырылады;

12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 деректемелер тексерілуге және жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныста көрсетілген пошта адресінде айырмашылықтар болған жағдайда сәйкес келтірілуге тиіс;

3) ТЖ-2 нысанында:

1, 2, 3-деректемелер ТЖ-1 нысанынан деректерді жүктеу арқылы автоматты түрде толтырылады;

4-деректемеде әрбір қабылданған шешімге жеке ТЖ-2 нысаны толтырылады;

4) ЖҚ-1 нысанында:

деректемелерді жеке қабылдауды ұйымдастыруға жауапты лауазымды тұлға толтырады.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да ТЖ-2 нысанын толтырғаннан және сақтағаннан кейін субъектінің электрондық-цифрлық қолтаңбасы қойылған, қабылданған шешімдерді көрсете отырып, ілеспе хаттардың (хабарламалардың) тиісті шаблондары автоматты түрде құрастырылады және арыз иесіне жазбаша нысанда не электронды құжат нысанында жіберіледі.

Шешімді қабылдау күні болып автоматты түрде толтырылатын ТЖ-2 нысанын қою күні болып саналады

Бұл ретте, Кодекстің 73-бабы тәртібімен әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімді жіберу туралы ілеспе хатында субъект арыз иесінің алдын ала шешімге қатысты ұстанымын алу үшін лауазымды жауапты адамдардың немесе жұмыскерлердің контактілерін (байланыс телефон нөмірлерін, электронды адрестерін) көрсетеді.

25. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға кіруді субъектінің электрондық-цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық өтінімді жіберу арқылы ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Субъект "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға аумақтылық және ведомстволық бағыныштылық қағидатына сәйкес қол жеткізе алады.

27. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныс бойынша енгізілген мәліметтердің сәйкес келмеу фактілері анықталған жағдайда, мәліметтерді редакциялау арқылы анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылданады.

Мәліметтерді редакциялау нысандардың деректемелерін өзгерту және (немесе) толықтыру, "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға бұдан бұрын енгізілген нысанды жою арқылы жасалады.

28. "Орындау мерзімі", "жауап жіберу күні", "қарау мерзімі ұзартылды" көрсеткіштерін қоспағанда, көрсеткіштерді редакциялауды және "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға бұрын енгізілген нысанды жоюды субъект растайтын құжаттарды қоса бере отырып, субъектінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының өтінішхаттары негізінде, сондай-ақ уәкілетті органның баянаты бойынша дербес жүзеге асырады.

"Орындау мерзімі", "жауаптың жіберілген күні", "қарау мерзімі ұзартылған" деген көрсеткіштерді редакциялауды және "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға бұдан бұрын енгізілген нысанды жоюды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, субъекті басшысының өтінішхаттары негізінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

Уәкілетті органда мәліметтерді редакциялауды орталық аппарата басшылық айқындаған жауапты қызметкер, аумақтық органда осы бағытқа жетекшілік ететін бөлім бастығы жүргізеді.

Субъектілердің мәліметтерді редакциялау, "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға бұдан бұрын енгізілген нысанды жою туралы өтінішхатын уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Субъект мәліметтерді түзету, "Электрондық жолданымдар" АТЖ-да бұрын енгізілген нысанды жою туралы өтінішхатты уәкілетті органға есепті кезеңді жабудан бес жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді. Көрсетілген мерзімді бұза отырып түскен өтінішхат келесі есепті кезеңде қаралады.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 10.04.2023 № 89 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

29. Субъектілер уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына "Электрондық жолданымдар" АТЖ-дан мәліметтерді уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне түсіру жолымен күн сайын жолданымдар, хабарламалар, сұрау салулар, пікірлер мен ұсыныстар туралы есептік мәліметтерді ұсынады.

30. Субъект "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға жолданымды, хабарламаларды, сұрау салуларды, пікірлер мен ұсыныстарды уақтылы тіркеуді, есепке алу карточкаларына енгізілетін мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын қамтамасыз етеді.

31. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-ға қол жетімділік болмаған жағдайда жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір және ұсыныс Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33339 болып тіркелді) бекітілген, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына сәйкес қағаз журналдарда тіркеледі.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 05.12.2023 № 217 ( ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4-тарау. ТӨ-№1 нысанының есебін қалыптастыру тәртібі**

32. "Электрондық жолданымдар" АТЖ-дан берілген ТЖ-1, АИ-1, ТЖ-2, ЖҚ-1 нысандарының мәліметтері негізінде уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Жолданымдарды, хабарламаларды, сұрау салуларды, пікірлерді, ұсыныстарды қарау туралы" ТӨ-№1 нысанының есебі (бұдан әрі – ТӨ-№ 1 есебі) қалыптастырылады.

ТӨ-№1 есебі электрондық нысанда уәкілетті органның орталық аппаратының автоматтандырылған режимінде қалыптастырылады.

ТӨ-№1 жиынтық есебі ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінде өсу нәтижесімен қалыптастырылады.

Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін күнге түссе (демалыс, мереке), онда мерзімнің соңғы күні деп одан кейінгі келесі бірінші жұмыс күні есептеледі.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. ТӨ-№1 есебінде негізгі жолданымға, хабарламаға, сұрау салуға, пікірге және ұсынысқа қосылған жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір мен ұсыныс, сондай-ақ басқа ақпараттық жүйелерге ауыстырылғандар көрсетілуге жатпайды.

**34. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 29.12.2025 № 170 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мемлекеттік органдарға,  
жергілікті өзін-өзі басқару  
органдарына, мемлекеттің  
қатысуы жүз пайызды құрайтын  
заңды тұлғаларға келіп түсетін  
жолданымдарды тіркеу, есепке  
алу, сондай-ақ "Электрондық  
жолданымдар" ақпараттық  
талдау жүйесін жүргізу  
қағидаларының  
1-қосымшасы

НЫСАН

### Жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді, ұсынысты тіркеу

1	Жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді, ұсынысты тіркеу нөмірі _____
2	Тіркеу күні 20 "___" жылғы "___" _____
3	Жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді, ұсынысты тіркеген субъектінің атауы (анықтамалық бойынша)
4	Жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың субъектісі (анықтамалық бойынша)
5	Бірегей нөмір _____
6	Жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың нысаны (анықтамалық бойынша)
7	Жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың тілі (анықтамалық бойынша)
8	Құжаттың түрі (анықтамалық бойынша)
9	Әкімшілік рәсімнің түрі (анықтамалық бойынша)

10	Іс-әрекеті шағымдалатын субъектінің атауы (әкімшілік актісі) _____
11	Іс-әрекеті шағымдалатын лауазымды адамның тегі, аты-жөні (болған жағдайда) _____
12	Жолданым, хабарлама, сұрау салу, пікір, ұсыныс мәселесінің сипаты (анықтамалық бойынша)
13	Жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың орындалу мерзімі 20 " ____ " жылғы " __ " _____
14	Жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың мәні _____

Мемлекеттік органдарға,  
жергілікті өзін-өзі басқару  
органдарына, мемлекеттің  
қатысуы жүз пайызды құрайтын  
заңды тұлғаларға келіп түсетін  
жолданымдарды тіркеу, есепке  
алу, сондай-ақ "Электрондық  
жолданымдар" ақпараттық  
талдау жүйесін жүргізу  
қағидаларының  
2-қосымшасы

НЫСАН

## "Арыз иесі"

1	Жолданымның, хабарламаның, сұрау салудың, пікірдің, ұсыныстың тіркеу нөмірі _____
2	Жолданымды, хабарламаны, сұрау салуды, пікірді, ұсынысты тіркеген субъектінің атауы (анықтамалық бойынша)
3	Азаматтығы (анықтамалық бойынша)
4	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) _____
5	Тегі _____
